

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 2702 тіркелген, "Екінші деңгейдегі банктердің жылдық қаржылық есебін ұсыну және жариялау тәртібі, нысандары мен мерзімдері туралы" Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2004 жылғы 24 қаңтардағы N 10 және Қазақстан Республикасының қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігінің 2004 жылғы 24 қаңтардағы N 29 бірлескен қаулыларына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі N 56, Қазақстан Республикасының қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі N 117 бірлескен қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2004 жылғы 11 мамырда тіркелді. Тіркеу N 2839. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі басқармасының 2005 жылғы 15 наурыздағы N 35 және Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 15 наурыздағы N 43 бірлескен қаулысымен.

**Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2005.03.15 N 35 және ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2005.03.15 N 43 бірлескен қаулысымен.**

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына, "Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды мемлекеттік реттеу және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына, "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 54 және 55-баптарына, "Бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы (бұдан әрі - Ұлттық Банк) және Қазақстан Республикасының қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі (бұдан әрі - Агенттік) қаулы етеді:

1. "Екінші деңгейдегі банктердің жылдық қаржылық есебін ұсыну және жариялау тәртібі, нысандары мен мерзімдері туралы" Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2004 жылғы 24 қаңтардағы N 10 және Қазақстан Республикасының қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігінің 2003 жылғы 24 қаңтардағы N 29 бірлескен қаулыларына (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық

актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2702 тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің "Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы" және "Вестник Национального Банка Казахстана" басылымдарында 2004 жылғы 16-29 ақпанда жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Еншілес ұйымы жоқ екінші деңгейдегі банктер (бұдан әрі - банктер) Қазақстан Республикасының қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігіне (бұдан әрі - Агенттік) жыл сайын:

осы бірлескен қаулының 2-тармағына сәйкес жасалынған шоғырландырылмаған жылдық қаржылық есепті;

аудиторлық ұйым растаған шоғырландырылған жылдық қаржылық есепті ұсынатын болсын.

Еншілес ұйымы бар банктер Агенттікке:

осы бірлескен қаулының 2-тармағына сәйкес жасалынған шоғырландырылмаған және шоғырландырылған жылдық қаржылық есепті;

аудиторлық ұйым растаған шоғырландырылмаған жылдық қаржылық есепті ұсынатын болсын.";

2 - т а р м а қ т а :

5) тармақшадағы "қаржылық есепке" деген сөздерден кейін "аудиторлық ұйым растаған, шоғырландырылмаған (шоғырландырылған) жылдық қаржылық есеппен туындаған айырмашылықтардың түсініктемесі бар," деген сөздермен толықтырылсын;

жетінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Банктер жылдық қаржылық есепті, оның ішінде аудиторлық ұйыммен расталған есепті және аудиторлық қорытындыны 15 сәуірге дейін мерзімде ұсынады".

2. Осы бірлескен қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Бухгалтерлік есеп департаменті (Ш а л ғ ы м б а е в а Н . Т . ) :

1) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы бірлескен қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қабылдасын;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он күндік мерзімде осы бірлескен қаулыны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне, аумақтық филиалдарына және Агенттікке жіберсін.

4. Агенттіктің Стратегия және талдау департаменті (Еденбаев Е.С.) осы бірлескен қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он төрт күндік мерзімде оны Агенттіктің мүдделі бөлімшелеріне және екінші деңгейдегі банктерге жіберсін.

5. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банк басшылығының қызметін қамтамасыз ету басқармасы (Терентьев А.Л.) осы бірлескен қаулыны алған күннен бастап үш күндік мерзімде оны Ұлттық Банктің баспа басылымдарында жариялау шараларын қабылдасын.

6. Осы бірлескен қаулының орындалуын бақылау Ұлттық Банк Төрағасының орынбасары Н.Қ.Абдулинаға (3-тармақ бойынша) және Агенттік Төрағасының орынбасары Е.Л.Бахмутоваға (4-тармақ бойынша) жүктелсін.

*Қ а з а қ с т а н   Р е с п у б л и к а с ы*

*Ұ л т т ы қ   Б а н к і н і ң   Т ө р а ғ а с ы*

*Қ а з а қ с т а н   Р е с п у б л и к а с ы н ы ң  
Қ а р ж ы   н а р ы ғ ы н   ж ә н е   қ а р ж ы  
ұ й ы м д а р ы н   р е т т е у   м е н  
қ а д а ғ а л а у   ж ө н і н д е г і*

*а г е н т т і г і н і ң   т ө р а ғ а с ы*